

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ  
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

-----

*Материалы - Международной  
научно-практической конференции  
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

**Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.**

К.п.н., профессор

**Редакционная коллегия:**

**Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.**

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-  
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

2. <http://www.kisi.kz/kk/categories/sayasi-modernizaciya/posts/kazakstandagy-til-sayasaty-zhane-tildik-ahual-kedergile>
3. <http://yvision.kz/post/116215>
4. [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
5. <http://www.qazaquni.kz/2014/03/26/22650.html>
6. <http://zhangazy.yvision.kz/post/116224>
7. [https://yandex.kz/video/search?text=ерлан%20сагадиев%20об%20образовани%20видео&path=wizard&parent-reqid=1479382038526917-797577\\_53937\\_41977582267075-sas1-5962&noreask=1&filmId=15269386092318512544](https://yandex.kz/video/search?text=ерлан%20сагадиев%20об%20образовани%20видео&path=wizard&parent-reqid=1479382038526917-797577_53937_41977582267075-sas1-5962&noreask=1&filmId=15269386092318512544)
8. <http://philology.ru/linguistics1/ermakova-14.htm>
9. <http://qamshy.kz/home/show/6240>
10. Колоскова Е.В. «Языковая ситуация в Сингапуре»
11. Қазақстан- 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты. 3 том.- Астана. «Деловой мир Астана» ЖШС, 2013.-458 бет.

**Жанысов М.,  
Шаймаханбетов А.  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
«Саясаттану» мамандығының 2 курс студенттері  
г. Астана, Қазақстан**  
(Ғылыми жетекші: аға оқытушысы Ибраев Е.Е.)

## **ЛОББИЗМ ПАРЛАМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ**

Саяси сахнадағы лоббизмнің маңыздылығы жылдан жылға артып келеді. Лоббисттік кампаниялар әлеуметтік қозғалыс статусын иемденуде. Қазіргі таңда билік шешімдерінің мүдделі топтардың әсерінсіз қабылдануы мүмкін емес жағдай секілді. Осыған орай ірі экономикалық құрылымдардың, өздерінің проблемаларын биліктің қатысынсыз реттеулерін елестету қиын.

Кеңестік кезеңде лоббизмнің көлеңкелі формалары, директораттармен, экономикалық және әкімшілік элиталармен жаппай қолданыста болғанына қарамастан буржуазиялық көзқараста болды. Сондықтан болар тек XX ғасырдың 90 жылдары зерттеушілердің назарына іліккені.

90 жылдардың басынан бастап лоббизм мәселеріне жеткілікті дәрежеде назар аударылған болатын. Шетелдік лоббисттік зерттеулермен В. Белов, К. Вяткин, Н. Зяблюк, Н. Иванов, Л. Корявин, Н. Прохода, А. Сергунин, А. Хомич және т.б. зерттеушілер айналысқан болатын. Олардың жұмыстары лоббизм дамыған мемлекеттердегі, лоббилік қызмет, жаңа лоббилік технологиялар мен тенденциялар және олардың өзгерісі жайында көзқарас қалыптастыруға мүмкіншілік берді[1].

Негізгі жұмыстың мақсаты лоббизмді парламент құрылымының саяси-құқықтық көрінісі ретінде қарастыру.

Бұл мақсаттың шешімі келесі міндеттерді шешу барысында анықталмақ: біріншіден, лоббизм түсінігі мен оның түрлерін қарастыру; екіншіден, оң және теріс қоғамдық мәнін көрсету; үшіншіден, Қазақстан лоббизмінің ерекшелігін көрсету.

1953 жылы лоббизм сөзі монастырьдегі серуендеу алаңын көрсету үшін пайдаланылған. Жүз жылдан кейін Англиядағы қауымдар палатасының серуендеу алаңын көрсетуге пайдаланыла бастады. Бірақ бұл сөз саяси көрінісін екі жүз жылдан кейін Америкада тапты. Кейбір аңыздарға сәйкес әр түрлі мүдделердің, басқа саяси күштердің немесе қаржы топтарының қорғаушылары Америка халқымен бірге жаңа әлемнің сахнасына шықты. Бірақ бұл әлі күнге дейін дәлелденбеген. Лоббизм дәстүрі АҚШ (1869-1877) президенті У.С.Грант кезінде пайда болғаны мәлім. Кешкі уақыттарда Американың 18-президенті және оның командасы күндізгі атқарылған жұмыстардан кейін, қонақ үйлердің бірінде демалуды әдетке айналдырған, нақтырақ айтқанда лобби деп аталатын вестибюльдерде демалатын болған. Сол жерде министрлер және сенаторлар әр түрлі мүдделі топтармен кездесіп олардың өтініштерін тындап, белгілі бір соммаға орындауға уәде беретін болған.

Осылай «лоббизм» термині ақшаға дауыс сатып алуды білдіретін болған. Бірақ Англияда бұндай саясат ұзақ уақытқа дейін жарамсыз болып саналды. Тек ХХ ғасырда толықтай қолданысқа енді және басқа елдерде пайдаланыла бастады.

Еуропалық парламентке сайлау болғанда лоббизм 1979 жылы халықаралық дәрежеге көтеріліді. Осы кезде еуропалық парламент мол өкілеттілікке ие болды және бизнес заңды түрде осы билік мүшесіне қызығушылық танытты. 1986 жылы еуропалық парламент одан әрі зор билікке ие болды, бұл лоббизмнің қарқынды дамуына серпін берді.

«Лоббизм» сөзінің өзі қоғамдық санамен бағаланады, не болмаса «жарықтық» және «көлеңкелі» деген мағынаны білдіреді. Егер соңғысына келетін болсақ лоббизм термині ережеге сәйкес теріс мағынаға ие, «тамыр-таным», «протекционизм», «сатып алу», «дауыс сатып алу» біреулердің пайдакүнем немесе тар партиялар мүдделерінен, басқалар, бәрінен бұрын қоғамдық мүдде зардап шегеді. Лоббизмнің кері әсеріне, билікке деген заңсыз қысым, пара алу және пара беруді жатқызуға болады, осының әсерінен белгілі бір тұлғалар мен топтардың мүдделеріне орай, шешімді қабылдатуға болады. Лоббизмге деген кері көзқарас осындай іс-әрекет арқылы қалыптасады. Әлбетте бұл барлық құбылыстың бір ғана жағы. Осылайша әртүрлі әлуметтік құрылымдардың тек қана күші мен мүмкіндіктерін емес, сонымен қатар биліктің әлсіз жақтарында көрсетеді.

«Жарықтық» сөзінің мағынасы лоббизмді демократиялық институт процесі ретінде, қалыпты, өмірге қажетті құбылыс секілді көрсетеді.

Лоббизмнің түпкі мақсаты – парламентке қандай да бір заң жобасын қабылдауға немесе қабылдамауға қысым жасау арқылы ықпал ету. Демократиялық дамыған елдердің бірқатарында лоббизм заңдастырылған. Бұл лоббизмен арнайы айналысатын ұйымдардың туындауына, лоббистік қызметтің салық төлейтін кәдімгі кәсіпкерлік қызмет көрсету сияқты дамуына мүмкіндік беріп отыр. Шетелдердегі лоббилік қызметтің заңдастырылуы сыбайлас жемқорлықпен күрестің бір амалы саналады.

Лоббизмнің қарастыратын мақсаттарына әртүрлі жолдар және айла тәсілдерді қолдану арқылы жетуге болады. Оларды таңдау сол мемлекеттегі қалыптасқан саяси-құқықтық ахуалдарға байланысты болып келеді. Әлемдік тәжірибеде лоббизм формасының келесідей түрлері таралған:

1. Заң шығарушы органдар профильдері комитеттерінің тыңдауларында сөз сөйлеу.

2. Заң жобасын құру және оларды парламент талқылауына шығару.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында дайындалып жатқан немесе қабылданған шешімдер мәселесі бойынша насихаттаушы компанияларды дайындау.

4. Заң шығарушы және атқарушы билік өкілдерінің қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру.

5. Атқарушы билікке және депутаттарға психологиялық қысым көрсету (қоңыраулар, хаттар, телеграммалар, беделді тұлғалардың жеке келуі).

6. Митингтер, ереуілдер, шерулер және т.б.[2].

Саясаттың қызметі мен іске асуы тек қоғамды біріктіруші, топтастырушы рөл атқармайды. Саясатта мүдделердің теке-тіресі, дағдарыспен конфликтілер үнемі орын алып отырады. Басым топтың саясатының өзіне күдік келтірушілер мен қысым жасаушылар әрқашан да табылады. Саясаттың ерекшелігі – билік үшін күреспен қат-қабат жүруі. Саясат, билік, мемлекет, басқару, лоббизм құбылыстары бірінен бірі туындап, біріне бірі себеп болып, ұдайы өзара тәуелді байланыстағы қозғалыста болады.

Лоббилік қызмет, А.С.Автономовтың әділетті пікірі бойынша, адвокат қызметімен туыстас келеді. Адвокат клиенттің әлдеқашан бұзылған құқығын қорғайды. Ал лоббист сәйкесінше нормативтік актілерді қабылдау арқылы оның құқығын қорғауға ұмтылады.

*Лоббизмнің оң жақтарына төмендегілерді жатқызамыз:*

Басқарушылық шешімдерге әсерін тигізе отыра, мемлекеттік билікті және басқаруды «қалыпты күйде» ұстап тұруға мәжбүрлейді, яғни олармен жарысып, қарсылас болып келеді, оларға көп динамика және икемділік береді.

Екіншіден, лоббизм азаматтық қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру құралы ретінде көрініс табады, осы арқылы қоғамдық қолдау жұмылдырылады немесе қандайда бір заң жобасына оппозиция, саясатқа әсерін тигізеді.

Үшіншіден, азшылықтың мүддесін қамтамасыз етуге мүмкіндіктер пайда болады.

Төртіншіден, лоббизм әлеуметті мемлекеттік емес құрылымдардың бостандықтарының принциптерін бейнелейді: ассоциациялардың, қоғамдық организациялардың және сол секілділер. Олар белгілі бір әдістерді иемдене отыра, лоббилендірудің көмегі арқылы өздерінің мәселелерін шешуге тырысады.

Мақсаттар мен мүдделерді жеделдету және іске асыруға, әлеуметтік-саяси ынталандыру ретінде қолданылады. Осындай келісте лоббизм қандай да бір саяси процесстерді қарқынлату әдісі ретінде қолданылады.

Алтыншыдан, шешім қабылдайтын ақпараттық және ұйымдастырушылық базаны кеңейтуге мүмкіндік береді. Лоббисттер мемлекеттік билік органдарына, парламенттік тыңдауға ұсынылатын, ақпараттық толқындар жеткізіп отырады. Ең төменгі және басқа қоғамдық деңгейлердегі мәселелер жайында заң шығарушы органды ақпараттандырып отырады. Сондықтан олар ақпарат саудагерлеріне ұқсас болып келеді.

Жетіншіден, лоббизмді өкілді билік пен атқарушы билік арасындағы қарым-қатынас орнату құралы ретінде қарастыруға болады. Биліктің бөлінуі оларды бірін біріне қарсы қоймайды. Сондықтан министрлік лоббисттермен депутаттық комитеттер арасындағы өзара көмек - тек қана істің пайдасына кенеледі, ол арам мүддеден толықтай айырылған және қалыпты саяси өмірмен сыйысады [3].

Лоббизмнің теріс жақтарына келетін болсақ:

Біріншіден, ол мемлекеттік мүддеге зиян келтіре отыра шетелдік мүдделерді қанағаттандыру құралына айналуы мүмкін, яғни «патриоттық емес» әдіске айналмақ.

Екіншіден, кейбір кездері мемлекеттік органдарға заңға қайшы қысым көрсету жолсерігі болып келеді. Бұл жерде биліктің іргетасын ұштайтын лоббизмнің қылмыстық түрлерін айтамыз (жемқорлық т.с.с.).

Үшіншіден, ведомстволықтың, ұлтшылдықтың және т.б. факторы ретінде қызмет ете алады, арнайы мүдделер формасын қанағаттандыруды жылдамдатады. Мысал ретінде алкогольді сусындар зауыттары директорларының, ресейлік билікке үздіксіз шабуылының нәтижесінде 1994 жылы алкогольдік сусындарға, 90% дейін ұлғайтылған акциздер, бұрынғы қалпына 85% төмендетілген болатын.

Төртіншіден, халық билігінің қоғамдық негіздерінің «шайылуы», демократиялық институттардың күшті жеке билік топтарының құралына айналуы қауіпі бар.

Бесіншіден, лоббисттік іс-шаралар белгілі жағдайларда және әлеуметтік теңсіздіктер формасында көрініс табады. Әлеуметтік практика көрсеткендей кейбір батыс мемлекеттерінде үлкен бизнес лоббизмінің нәтижелігі басқа топтармен құрылымдардан жоғарырақ болып келеді.

Алтыншыдан, лоббизм үйреншікті мақсаттарда пайдаланылады – элитаның жеке қабаттарын байыту құралы ретінде. Бір жағынан лоббизм - бұл материалдық ресурстар мен игіліктерді өз пайдасына орай шешуге ұмтылатын, билік басында мықты топтардың жиынтығы.

Жетіншіден, лоббизм кез-келген басқа әлеуметтік құрал секілді қоғамның, сондай-ақ жеке топтар мен жеке партиялардың игілігіне пайдаланылуы мүмкін. Барлығы лоббизмді оң және теріс жақтармен иемдендіретін әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени фонға, жағдайлар қатарына байланысты болып келеді [4].

### **1. Қазақстандағы лоббизм**

Жалпы Қазақстанда лоббизмді толықтай пайдалануды енгізу үшін міндетті заңдылық база құру қажет. Лоббисттік іс-әрекеттің экономикаға әсерін түсіну үшін ең алдымен бұл ұғымның мәнін

жеткілікті түрде танып-білу керек. Лоббизмнің түбірі өте тереңде. Өйткені мұндай құбылыс адам табиғатымен сипатталады. Яғни белгілі бір экономикалық ынталандыруға лайықты, сөзі өтімді адамдар және мемлекет қайраткерлерінің тобы осы немесе басқа субъектілерге қолдау көрсетеді.

Біздің елде лоббизм, өз мүддесін көздеу мәселесін жетілдірілген, өркениетті жағдайда деп атауға болмайды. Кәсіпкерлер өз мүддесін қорғауда кез келген амалдарды қолданады. Қазақстанда лоббизм бұрынғы кеңестік кеңес дәстүрі бойынша атқарушы билік кабинеттерінде және коридорда жүргізіледі. Қазақстандағы лоббизмді бірнеше деңгейге бөлуге болады:

- Аймақтық лоббизм;
- Қаржы-өнеркәсіптік лоббизм;
- Шетелдік лоббизм;
- Үкіметтік емес ұйымдар лоббизмі[5].

Кейбір сарапшылар президенттік лоббизм президенттік билік басым елдерде көп салаларда қолданылады деп санайды. Өйткені, президент барлық басқаруды жүзеге асырады. Оның бұйрығы бойынша президенттің парламенттік өкілі болады және үкімет президенттің жарлығы бойынша құрылады. Қабылданған тактика бойынша бұл өз кезегінде жұмыс әдісі, ықпал етуші құрылымның тиімділігі жақсы ұйымдастырылған, президенттің және атқарушы биліктің мүддесін қорғауды нәтижелі түрде жүзеге асыру болып табылады. Бұл жүйенің тиімді жақтары – беделді, өкілетті қолдау және қолдану, шенеуніктердің кәсіпқойлығы, шешім қабылдауда арнайы білім мен біліктіліктің болуы, Парламентте өз депутаттарының болуы және олардың фракцияларын қолдау.

Президенттік лоббизмді әкімшілік-басқару аппаратына жататын үкіметтік лоббизм деп атауға да болады.

Егер ағайындық, туысқандық топтар, мүддесі бір адамдардың топтары (кландар) арасындағы қатынастар туысқандық байланыста негізгі рөл атқарса, қаржы-өнеркәсіптік немесе халыққа қызмет көрсету орталарына туысқандарды ендіру – көп жағдайда олардың қажетті тиісті біліктілігі мен дайындықтың жоқтығы салдарынан аталған салалардағы қызмет сапасының әлсіреуіне әкеп соқтырады.

Аймақтық лоббизмді кландықпен батыл салыстыруға болады. Аймақтық лоббизм шешімдер қабылдаудың барлық деңгейінде аймақтық элитамен қарастырылады. Ал корпоративтік (салалық) лоббистердің болуы жағымды тұрғыдан қолдау тауып жатады. Өйткені мұндағы басты мүдде – қаржы түсімділігі үшін күресу болып табылады.

Мемлекеттік тұрғыда Парламенттің құрылу принципі аймақтық лоббизмге тиімді әсер етуіне жағдай жасайды. Себебі аймақтық эканомиканың дамуы біркелкі еместігі, мемлекеттік және жергілікті бюджетті қалыптастыру және бөлуде шын мәнінде күрес жүргізуге әкеп соқтырады.

Шетелдік лоббизмнің президенттік, кландық және аймақтық лоббизммен тікелей байланысы болмауы да мүмкін. Лоббизмнің бұл түрі шетелдік олигархиядан көрінеді. Шетелдік лоббизмнің Қазақстандағы позициясы мықты деуге болады, соның салдарынан отандық бизнес өз шегінде жеңіліске ұшырап жатады.

Үкіметтік емес ұйымдардың лоббизмі немесе үшінші сектордың лоббизмі әртүрлі қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдардың қызметінде көрінеді. Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің қызметіне араласа алмайды. Сол себепті үкіметтік емес ұйымдар қызмет көрсететін әртүрлі әлеуметтік топтардың көптүрлілігі өздері мүддесін қорғап отырған сол топтардың барлық экономикалық әлеуметтік және азаматтық мүдделеріне жағдай жасайды.

Қазақстандағы лоббизмнің жүзеге асырылуы саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар, митингілер, арнайы конференциялар мен жиындар арқылы жүзеге асырылып келеді. Бірақ бұлардың өзі де биліктің нақты бір шешім қабылдауына ықпал ете алатындай күшке ие емес.

Лоббизм – ағылшын тілінен аударғанда «дәліз», «төбесі жабық орын» деген ұғымды білдіреді. Зерттеушілердің айтуынша, бұл ағылшын тіліне көне латынның «lobia» деген сөзінен келген. XVI ғасырда бұл сөз монастырға қарай немесе оның жабық галлерейларына қарай өтетін жолдың нұсқамасы ретінде қолданылған. Шіркеу тіршілігінде қолданылатын бұл сөздің зайырлы-парламенттік қолданысқа өтуі XIII ғасырда ағылшын парламентінің құрылуымен байланыстырылады. 1808 жылы «лобби» сөзі алғаш рет АҚШ Конгрессінде көрініс тапты. XIX ғасырдың орта тұсында Американың саяси лексиконында бұл



термин ең жиі қолданылатын сөзге айналды. Кейбір ресейлік және шетелдік авторлар «лобби» терминінің көпке танылуын Вашингтондағы «Виллард» қонақ үйіндегі вестибюльмен байланыстырады. XVIII-XIX ғасырларда парламент сессиясына шетелден келген қонақтар осы қонақ үйде тоқтаған болатын. Вестибюльде лоббистер парламент мүшелеріне заң қабылдаудағы өз пікірлерін білдіріп отырған Негізінен лоббирлеу сол кезеңде-ақ мамандық болып есептелген. Улисс Гранттың ел билеген дәуірінде (1869-1877) азаматтардың мұқтаждықтарын қанағаттандыратын кәсіби лоббистер болған. Лоббизм АҚШ саяси өміріне анағұрлым жақын. Алайда, мұнда лоббизм – тек мәжілістен тыс жерлерде уағдаласу (ол да кеңінен таралған) ғана емес, сонымен қатар, заң жобаларын, биліктік- нұсқаулық актілерді сарапшылар, кеңесшілер ретінде дайындап, қабылдауға қатысудан көрініс табады. Лоббизмді заңды және заңсыз деп бөлуге болады. Екеуінің аражігін ажырату қиынға соғатындықтан, оған саяси құбылыс ретінде қарау да біржақты емес. Лоббизмге екі тәсіл қолдану қалыптасқан: тыйым салушы және құқықтық-реттеушілік. Бірінші тәсілді жақтаушылар лоббизмді қылмыстық әрекетпен теңестіреді және осы негізде заңнамалық санкциялар енгізу арқылы оны жоюға талпынады. Екінші тәсілдің жақтаушылары лоббистік белсенділікті құқықтық шеңбермен шектеуді ұсынады. Мысалы, Францияда лоббистік әрекет заңсыз болып танылса, Үндістанда сыбайлас жемқорлыққа теңдестірілген, АҚШ пен Канадада заңмен реттеледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бинецкий А.Э., Лоббизм в современном мире. Теис, Москва, 2004.
2. Малько А.В. Политическая и правовая жизнь России: актуальные проблемы: Учебное пособие. – М., 2000.
3. Хобби-лобби //профиль №24 (93), 20.06.2009.
4. Иршинская Л., Савицкий С. Government Relations. История профессии// [www.lobbying.com.ua](http://www.lobbying.com.ua)
5. Шрамович В. Особенности национального лоббизма// [www.izvestia.com.ua](http://www.izvestia.com.ua)

**Жұмағұлов Е.Т.  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының  
аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЕР**

Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр толған уақытта толағай табыстарға қол жеткізгеніміз көңіл қуантады. Сонымен бірге, қоғам дамуына кедергі